

2. «Азаттық» радиосы. 05 ақпан, 2009 ж.
3. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы, Астана: «Фолиант», 2005ж. 55 б.
4. Атымов М.«Қазақ романдарының поэтикасы», Алматы: Ғалым, 1975 ж., 197 б.
5. Серікқалиев З. «Ақ жол», Алматы: «Жазушы», 1990 ж., 462 б.
6. С.Елубай «Ақ боз үй», Алматы: «Атамұра», 2008 ж., 251 б.
7. Майтанов Б. «Қаһарманның рухани әлемі», Алматы: «Жазушы», 1982 ж., 230 б.

## **XX ғ. 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ РЕПРЕССИЯҒА ҰШЫРАҒАН АҚМОЛАЛЫҚТАР**

**Төлепбергенов Ғ.М., Қапышев А.Қ.**

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,  
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.*

Елбасымыз, Қазақстан Республикасын Президенті өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында XX ғ. адамзат баласы қоғамдық-саяси дамудың бірнеше моделін: коммунистік, фашистік, либералдық моделдерін бастан кешті деген болатын [1]. Осы үш моделдің алғашқы екі түрі өзінің табиғат-болмысына бойынша тоталитарлық жүйеге жатады.

Бүгінде әлемдік қоғамтанушы, тарихшы ғалымдардың пайымдауынша адамзат тарихындағы ең сорақы саяси-әлеуметтік эксперименттер ретінде сипаттайды. Лениндік-сталиндік репрессияның құрбандарының саны белгілі ресейлік тарихшы Рой Медведевтің келтірген дерегінде 40 млн. адамды құраса, фашизм 60 млн. адамның өмірін жалмады [2]. Тоталитаризмнің қандай формасы немесе түрі болмасын ол адамзат баласына шексіз-қайғы-қасірет пен миллиондаған құрбандықтарға ұшыратқан қылмысты саяси режимдер ретінде тарихқа енді.

КСРО-да отызыншы жылдары орныққан тоталитарлық саяси режим 1937 жылы бұрын-соңды болып көрмеген, бүкіл елді жаппай қамтыған саяси жазалаулар науқанын жүгізді. Бұл жазалауларға негіз болған Коммунистік партияның 1936 ж. желтоқсан Пленумы мен 1937 ж. Ақпан-наурыз пленумында И. В. Сталин мен оның айналасындағылардың «екіжүзділердің, халық жауларының бәрінің тамырын шауып, жойып жіберу» қажеттігі туралы нұсқауы берілді. КСРО-ның ұлттық республикаларындағы 1937–1938 жж. жазаланғандарға стандартты «ұлтшыл-фашистер», «жапон тыңшысы», «троцкийшіл-халық жаулары» деген сияқты ойдан құрастырылған айыптаулар тағылды.

Жер-жерде «ашық» сот мәжілістері өткізіліп, оларда сотталғандардан қажетті «мойындаулар» зорлап алынды. «Халық жауларының» негізгі көпшілігінің тағдыры КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының үштігінің мәжілісінде шешілді. Осы жылдары Ақмола облысында ең алдымен алаш қайраткерлері Жұмағалы Тлеулин, Мағжан Жұмабаев қатарлы адамдар, одан кейін Кеңес үкіметін құрысқан Әбілқайыр Досов, Сәкен Сейфуллин, Мәскеуде 1933 жылы белгісіз жағдайда қазаға ұшыраған Смағұл

Сәдуақосовтың туыстары да саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Көкшетаудағы ескі қазақ зиратында Сталиндік қуғын-сүргіннің ең жас құрбандарының бірі Сәкен Сейфуллиннің Аян деген баласы жерлеген.

Репрессиялар әсіресе бүгінде мемлекет құраушы ұлт болып отырған қазақ халқының ұлт болмысына өзінің аса зардапты зиянын тигізді. Сталиндік тоталитаризм тұсында репрессия қазақ зиялыларының бір емес, бірнеше буынын бірдей отап кетті.

Репрессия тарихын зерттеген тарихшылардың мәліметі бойынша, 1937-38 жылдары советтік Қазақстанда 118 мың адам сотталған. Олардың 25 мыңына ату жазасы кесілген

Репрессиялар Ақмола облысы тұрғындарын айналып өткен жоқ. Бұл ретте облыстың аумақтық құрлымы өзгеріп отырғанын да ескеруіміз керек. Екіншіден Ақмола облысында Гулагтың Алжир және Карлаг сияқты ірі лагерлері болғанын естен шығармауымыз керек.

Ол турасында Ақмола облысы облыстық архивінде «Ақмола облысында 1938-40 жж мен 50-ші жж. басында жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар кітабында» көптеген мәліметтер жинақталған. Облыстық архивтегі КНБ – нің берген мәліметтеріне бойынша барлығы сот және сот орыны емес органдар арқылы барлығы 5400 адам әйгілі 58 бап 10 тармағы бойынша Совет үкіметіне қарсы үгіт-насихат және бүлдіру әрекеттерін жасғаны үшін айыпталған. Репрессияға ұшырағандардың 67, 6 % адам контрреволюциялық үгіт-насихат жүргізгені үшін деген баппен сотталған.

Оның ішінде 1600 адам ату жазасына кесілген, олар барлық айыпталғандардың 30,5 % құраған. Контрреволюциялық әдебиеттерді таратқаны үшін 58 баптың 11 тармағы бойынша сотталғандар 1537 адам яғни немесе Ақмола облысы бойынша жазықсыз жаза арқалағандардың 28,5 % болған.

Жаппай сталиндік коммунистік репрессияға ұшырағандардың 62,5% 1930-40 жж. үлесіне тиеді, Ақмола облысы бойынша барлығы 3360 адам. Соғыстың басталуына байланысты репрессиялар сәл бәсеңдегенімен, 1940-50 жж. репрессиялық жазалаулар 30- шы жж. кем түскен жоқ, олар 2065 адамға жеткен.

Жазаланғандардың ұлттық құрамына келсек, орыстар 1708 адам –немесе 31,6%, қазақтар 1200 адам-22,3%, немістер-820- 15,2 %, украиндар -760-14,1 %, оның ішінде қрапайым шарулар 1850 адам, жұмысшылар-1280 адам, қызметкерлер 1150 адам болған. 2750 адамның ғана бастауыш білімі болған. Сауатсыздар 1100 адамға жеткен. Орта білімділер-910 адам, жоғары білімділер небары 750 адамды құраған.

Осы жоғарыда аталған кітаптан мынандай қарапайым адамдардың есімдерін көруге болады: Карбан Василий Давыдович Макинка с. тұрғыны 58-шінің 10-шы тармағымен 10 жылға ЕТЛ-не жіберілген. Күнпейісов Әльпейс Молотов ауданы, Ленин а . с. 1937 ж. желтоқсанда осы баппен, Кунгурцев Терентий Виссарионович Арықбалық ауданы Имантау а. тумасы Көкшетау қ. тиұрғыны 58-шінің 11-ші тармағымен үштіктің ұйғарымымен 10-жылға ЕТЛ жазаға кесілді. Осындай есімдерді көптеп табуға болады.

Олардың басым көпшілігі Троцкийдің кім ененін, Жапонияның қай жерде орналасқанынан хабарсыз, саясаттан тыс жүрген қарапайым халықтардың өкілдері болатын.

Ғалым-зерттеушілердің репрессияға байланысты тоқтам-түйіні мұндай жазалаулар тек жабық қоғамдарда, адам құқтары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтамайтын Әлдебір қияли идеялар үшін бүтіндей ұлттар мен халықтарды құртып жіберуден тайынбайтын саяси режимдерге тән құбылыс.

Енді қайтып, осындай жағдай қайталанбас үшін жас ұрпақтың арасында иммунитет қалыптастыру бағытында біздің елімізде осындай шаралар тек 31-ші мамырда ғана емес, жүйелі жүргізілуі қажет.

Өздерін геноцидке ұшырадық деп есептейтін Армения мен Израильде бұл жұмыс жүйелі негізге қойылған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан газеті 12-ші сәуір 2017 ж.
2. Медведев Р. А. Трагическая статистика // Аргументы и факты. 1989, 4–10 февраля. № 5(434). С. 6
3. Эльмира Балтабекова. Сәкен мен Гүбаһхрам Астана ақшамы газеті 7-ші наурыз 2013 ж.
4. Ақмола облысында 1938-40 жж. мен 50-ші жж. басында жаппай саяси құғын-сүргінге ұшырағандар кітабы. Астана 2002. 17-32 бб.